

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

**6B03204-Журналистика**

(білім беру бағдарламасының атауы және коды)

**білім беру бағдарламасына  
сараптамалық қорытынды**  
(сыртқы сараптама)

1. Білім беру бағдарламасын бағалау (бұдан әрі - БББ)
  - А) Бағдарламаның еңбек нарығындағы қажеттілігі Журналистика білім беру бағдарламасы қазіргі таңда Қазақстанның бірқатар өңірлері мен ЖОО-ларда оқытылады. Дегенмен барлық университеттің оқыту сапасы мен түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші бірдей емес. Журналистика мамандарын қазіргі қоғам сұранысына сай етіп дайындау тыңғылықты ізденісті, жаһандық үрдістерді сараптауды қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде журналистика білім беру бағдарламасын жоспарлау мен дайындау барысында жан-жақты дайындықпен келгенін байқауға болады. Білім беру бағдарламасында болашақ мамандарды шығармашыл тұлға ретінде дамытуға қатысты пәндер дұрыс жоспарланған.
  - Б) БББ-ның кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес келуі: Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ), Салалық біліктілік шеңбері (СБШ), Кәсіби стандарт (КС), оқыту нәтижелерінің еңбек функцияларына сәйкестігі (КС болмаған жағдайда) Білім беру бағдарламасы кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құжаттарға, ұлттық біліктілік шеңбері мен салалық біліктілік, кәсіби стандарттарға сәйкес келеді. Оқыту нәтижелері бітірушінің қызметтік функциясына бағытталған. Пәннің нәтижесінде игеру қажет құзыреттілік Блум таксономиясымен жазылған.
  - В) БББ мазмұнының экономиканың, қоғамның салаларын дамытудың қазіргі заманғы деңгейіне, ғылымның жетістіктеріне және жұмыс берушілердің сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкестігі Журналистика білім беру бағдарламасында журналистика теориясы мен тәжірибесі, жанрлар жүйесі, салалық журналистика, сандық журналистика бағыттары мен ақпарат таратудың жаңа тәсілдері мен формалары қарастырылған. Жаңа медианың мүмкіндіктері мен мәтін жазудың шеберлігі, медиапсихология, медиаменеджмент мәселелері бүгінгі күннің қажеттілігін өтейді деген ойдамыз.
2. Білім беру бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстар  
Білім беру бағдарламасын жетілдіру үшін өндірістік практика кредиттерін арттыру керек. Тіпті оқу үдерісіндегі бір күнді шығармашылық күні деп белгілесе жақсы болар еді.
3. Қорытынды:  
Білім беру бағдарламасы оқу процесінде пайдалануға ұсынылады / ұсынылмайды  
Білім беру бағдарламасы оқу процесінде пайдалануға ұсынылады.

4. Сараптама жүргізген: ЖҰМЫС БЕРУШІ

1) Құрмет Амангелді  
(Аты-жөні, лауазымы)



13.05-2022  
(күні)

М.О.